

Jetisy ýniversiteti

JETISÝ OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТИСҮ



Семинар барысында екі тарап Erasmus+ бағдарламасын бірлесіп жүзеге асыру мүмкіндіктерін және бірлескен қос дипломдық бағдарламаларды жүзеге асыру, академиялық ұтқырлықты жандандыру мәселелерін талқылады.

«Жетісу университеті - біз жетекшілік ететін Erasmus+ бағдарламасы аясында "5+1", яғни осы халықаралық бағдарламаға мүше Орталық Азияның бес ЖОО бірі. Біздің мақсатымыз білім беру, ғылыммен айналысудың өзара ең тиімді тетіктерін қарастыру және екі жаққа да пайдалы ынтымақтастық шеңберін көңейту. Осы орайда біз әріптестерімізбен Жетісу университетіне келуді жоспарлап, оның ресурстық базаларын көруге, академиялық қауымдастықпен танысуға ниет білдірдік»-деді Камерино университетінің проректоры, профессор Emanuele Tondi.

Италиялық делегация семинардан соң Марке политехникалық университеті филиалында орналасқан заманауи зертханалармен, сонымен қатар speed breeding технологиялық жобасымен, STEM-зертхана мүмкіндіктерімен танысты.

Еске сала кетейік, Жетісу университеті 2024 жылдың жазында Камерино университетімен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойып, Erasmus + Key Action 171

ИТАЛИЯЛЫҚ ҒАЛЫМДАР ЖЕТИСҮ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ

Жетісу университетінде «The Prospective Ways of Cooperation in the Field of Education and Science» тақырыбында семинар өтті. Оған Камерино университетінің өкілдері Moira Aureli, Emanuele Tondi, Carlo Lucheroni, Francesco Casale және Басқарма Төрағасы-Ректор Ермек Берібаев қатысты.

Семинарда Камерино университетінің халықаралық қатынастар бөлімінің қызметкері, доктор Moira Aureli «Тағылымдамадан өтуге арналған Erasmus ұтқырлығы: UNICAM» бойынша презентация жасады. Ал UNICAM проректоры, профессор Emanuele Tondi және доктор Tiziano Volatili геология және мұнай саласындағы



ғылым жайында қызықты баяндама оқып, тәжірибелерін ортаға салды. Профессор Carlo Lucheroni университеттің Ғылым және технологиялар кафедрасы туралы жалпы ақпарат берді. «ЖИ және жоғары білім. Технологиялар трансфері» жайлы заң факультетінің профессоры Francesco Casale презентация жасады. Камерино университетінен келген ғалымдарға Жетісу университетін халықаралық ынтымақтастық орталығының директоры Талғат Құлыбаев таныстырды.

бағдарламасын іске асыру туралы келісімге келген болатын.

Осы бағдарлама аясында магистрант Ілияр Әбдұхайров 2025 жылдың наурызынан Камерино университетінде білім алып жатыр. Erasmus + бағдарламасын іске асыру шеңберінде Камерино Университетінің докторы Flavio Stimili студенттерге «Экологиялық дизайн әдістері» пәні бойынша дәріс оқып, практикалық сабақтар өткізді.



**Пластикпен ластану
проблемасын
қалай шешеміз?**

3 бет



**КЕШІККЕН
КӨКТЕМ**

4 бет




**СЕРГІТКІШ
СУСЫННЫҢ
СЕРГЕЛДЕНІ КӨП**

6 бет



СПОРТ

8 бет



ЖУ студенттері жасанды интеллекттіңі меңгере бастады

Әлемдік технологияның жаңа бағыты Ғылым және жоғары білім министрлігінің «AI Sana» бағдарламасы аясында үйретіліп жатыр. Білімгерлер қытайлық компания ұсынған үш кезеңді курстан өтсді. Сонымен қатар оқу бағдарламасына ақылды жүйе, нейронды желі сынды бірнеше пән енгізілген. Соның нәтижесінде жастар әртүрлі жоба жасауды қолға алды. Қазір жасанды интеллект арқылы мультфильм түсіру, ойын құрастыру және дыбыстық көмекші болатын қосымша мен студенттерге ақпарат беретін чат-бот

өзірленіп жатыр.

«Жетісу университетінде Huawei компаниясының демеушілігімен академия ашылған болатын. Сол академияда 5400 студентіміз толығымен жасанды интеллекттің курстарын толығымен өтіп, сертификаттарын алып шықты. Бұл енді білім беруге, болашақта ғылыммен айналысуға жаңа стартап жобалармен айналысуға үлкен септігін тигізеді», – дейді Басқарма төрағасы – ректор Ермек Бөрібаев.

Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі

2024-2025 оқу жылының түлектеріне «Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

Биылғы жылы бакалавриатта 878 (оның ішінде мемлекеттік білім беру грантында – 251, Жергілікті бюджет қаражаты есебінен – 91) студент оқуларын аяқтағалы отыр. Жәрмеңкеге 150-ден аса мемлекеттік

және жекеменшік мекеме, ұйымдар мен өнеркәсіп, облыстық және қалалық басқарма, департамент, бизнес саласының, банк бөлімшелерінің өкілдері қатысты.

Бос орын жәрмеңкесінде болашақ мамандарға жұмысқа орналасуы үшін жұмыс берушілермен тікелей қарым-қатынас орнатып, келісім жасауға мүмкіндік берілді.

ШВЕЙЦАРИЯДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА



Жетісу университеті гуманитарлық факультетінің қауымдастырылған профессоры Н.К. Байғабатова МОССА жобасы шеңберінде Швейцариядағы Цюрих университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп жатыр.

Тағылымдама барысында профессор Петер Финкемен консультациялар жүргізіліп, жобаны жүзеге асырылуының үрдісі, жүргізілген зерттеулердің нәтижелері талқыланды, университет кітапханасындағы тақырыпқа қатысты жаңа әдебиеттер сараланды.

Сонымен қатар ол 6-8 мамыр аралығында Лунд университеті (Швеция) ұйымдастырған «Corruption in Non-Western Societies: Insights from Central Asia» халықаралық конферен-

циясына қатысып, баяндама жасады.

8 мамырда Цюрих университетіне арнайы келген ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Президенті, ҚазҰАЭУ Басқарма Төрағасы – Ректор А.Қ.Күрішбаевпен кездесуге қатысты. Іс-шара барысында Н.Байғабатова қатысушыларға Жетісу университеті мен Цюрих университеті арасындағы ынтымақтастық, бірлескен ғылыми жобалар мен жоспарлары жайлы ақпарат берді.

Алдағы уақытта тағылымдама аясында Цюрих университеті Әлеуметтік және мәдени антропология Департаментінің ғылыми іс-шараларына қатысып, еуропалық әріптестермен іс-тәжірибе алмасу жоспарланды.

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ АРАСЫНДА ЛУДОМАНИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ



Қазір елімізде екіншіше қарай, лудомандар саны артып келеді. Бұл тек жастар ортасында емес, ересек, тіпті ақыл тоқтатқан адамдардың арасында өршіп тұрған әлеуметтік үлкен проблема. Ұлттық Құрылтайда Президент «Лудомания бұл бейбіт күнде еліміздің шырын бұзды, талай шаңырақты шайқады. Кейбір мәліметтерге қарасақ, 400 мыңға жуық азамат – бүкіл елдік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиенті. Бұл – тұтас бір қапаның халық санына пара-пар көрсеткіш. Шын мәнінде, лудомания – бейбіт күнде елдің шырын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Құмар ойын үшін қарызға батып, өзіне қол жұмсаған жандар туралы хабарлар, өкінішке қарай, күн сайын тарап жатады.

Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн-ойындар балалардың күнделікті ермегіне айналып барады. Құзырлы органдар бытыр интернет-казиноның белгісі бар 4 мыңнан астам сайтты бұғаттады», – деп лудомания дертімен қоғам болып күресуге шақырған еді.

Осы орайда Жетісу университетінде «Қазақстанның экологиялық қоры» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Қазақстан жастары арасында лудоманияның алдын алу бойынша кешенді шаралар» тақырыбында семинар өтті. Онда аталмыш қордың жетекшісі Айгүл Абдуалиева кіріспе сөз сөйлеп, лудоманияның алдын алу шаралары еліміз бойынша іске асырылатынын жеткізді.

«Кез келген тәуелділік – емдеуді қажет ететін құбылыс. Ең алдымен, тәуелділік адамды еркіндігінен айырады, бұл денсаулық үшін

өте зиянды. Лудомандар – құмар ойынның шырмауына түскен адамдар. Қазіргі кезде казино түрлі әкімшай ойын автоматтарының тарауына байланысты құмар ойындар мәселесі өзекті. Қоғам да оларға ешқандай шара қолдана алмайды. Себебі құмар ойын объектілері заң жүзінде рәсімделген. Осының салдарынан ойынқұмарлар саны күннен күнге артып келеді. Біздің мақсатымыз жастар жаман әдеттен бойын аулақ салуы үшін лудоманияның алдын алу» дейді жоба жетекшісі А.Абдуалиева.

Семинар барысында университеттің психологы Г. Исламжанова студенттер арасында лудоманияға қарсы атқарылған іс-шараларға тоқталды. «Жетісу университетінде лудоманияның алдын-алуға бағытталған кешенді жоспар бар. Сол бойынша студенттер арасында түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, құмар ойынның зиянын түсіндіріп келеміз. Мысалы, Жетісу облысына танымал психолог, дінтанушы Қанат Маратұлы «Лудомания дерті» тақырыбында бірінші курс студенттеріне дәріс оқып, құмар ойынның түбі қорлық екенін жастар санасына жетерліктей түсіндірді. Бұдан бөлек білім ордасының психолог маманы ретінде өзім ең топ студенттерімен кездесу өткізіп, тәуекелдерді анықтаймын. Сондай-ақ облыстағы психолог, дәрігер, құқық саласының мамандарын шақырып лудомания тақырыбына кураторлық сағат өткіземін» – деп өз тәжірибесімен бөлісті.

Семинар барысында облыстық психикалық денсаулық орталығының психолог-маманы Гүлбану Жексембекова баяндама жасап, лудоман адамдарды емдеу жолдарына тоқталды.

ТАШКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ІС-ТӘЖІРИБЕ

Оқу жоспарына сәйкес Executive MBA білім беру бағдарламаларының магистранттары жыл сайын шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтеді.

«Стратегиялық менеджмент» және «Денсаулық сақтаудағы менеджмент» мамандықтарының магистранттары Ташкент мемлекеттік экономикалық университетінде «Экономикалық өзекті мәселелері мен заманауи жетістіктері» бағдарламасы бойынша білім алып қайтты.

Магистранттарды қабылдауды және тағылымдама бағдарламасының жүзеге асуын ТМӨУ жанындағы Педагогикалық кадрларды қайта даярлау және олардың

біліктілігін арттыру салалық орталығының директоры, э.ғ.д., профессор Нарбой Каримов қамтамасыз етті.

Тағылымдама барысында магистранттар экономикалық дамуындағы өзекті мәселелер, макроэкономикалық тұрақтылық сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықпен танысты.

Басты ерекшелік Орталық Азия елдеріндегі трансформациялық үдерістерді зерттеуге, экономикалық реформаларды жүзеге асыру тәжірибесін алмасуға, сондай-ақ қазіргі заманғы жағдайлар мен сын-қатерлерді ескере отырып, басқарушылық құзыреттерді дамытуға бағытталды.



Пластикпен ластану проблемасын қалай шешеміз?

Бүгінгі күннің ең үлкен экологиялық мәселелерінің бірі — пластикалық ластану. Пластиктің ыңғайлылығы мен қол жетімді бағасына қарамастан, оның табиғатқа және адам өміріне тигізетін зияны өлшеусіз. Біз күнделікті өмірімізде қолданып жүрген бір реттік пакеттерден бастап, пластикалық бөтелкелер мен қапшықтарға дейін бәрі қоршаған ортаны ластаудың негізгі себебі болып тұр. Қазіргі таңда біз пластикті жиі тұтынушыларға айналдық, бұл өз кезегінде бірнеше жағымсыз салдарға алып келуде. Пластиктің ыдырау уақыты өте ұзақ, нәтижесінде ол қоршаған ортаға үлкен зиян келтіреді. Адамдардың пластикке тәуелділігі оның тиімді әрі арзан материал ретінде қабылдануынан туындайды. Алайда бұл ұзақ мерзімде өте үлкен экологиялық шығындарға әкеледі. Сондықтан пластик тұтынуды азайту, оны қайта өңдеудің тиімді тәсілдерін дамыту және орнына экологиялық тұрғыда қауіпсіз материалдар қолдану аса маңызды болып тұр. Мәселен, Еуропа елдері соңғы жылдары экологияны қорғау мақсатында пластиктен бас тарту бойынша маңызды қадамдар жасап келеді. Бұл процестің басты мақсаты — қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіретін пластик қалдықтарының мөлшерін азайту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты даму принциптерін ұстану. Еуропалық Одақтың пластиктен бас тартуға бағытталған бастамалары 2019 жылы қабылданған Пластиктің бір рет қолданылатын өнімдеріне тыйым салу туралы директивадан бастау алады. Бұл директива бойынша 2021 жылдан бастап Еуропада пластик ыдыстар, тағамдарды қаптайтын пластик қаптар, түтікшелер, қамыр ілгіштері мен мақта таяқшалары сияқты өнімдер сатылымынан алынды. Сонымен қатар, пластиктен жасалған бұйымдарды қайта өңдеуді және оларды қайта пайдалану мүмкіндіктерін арттыру міндеті қойылды. Пластик қалдықтары табиғатта мыңдаған жылдар бойы сақталып, топырақ пен судың ластануына себеп болады. Бұл өз кезегінде флора мен фаунаға теріс әсер етіп, жануарлардың пластикті жеп қоюынан болатын улану оқиғаларының жиілеуіне әкеледі. Сонымен, пластик табиғатта өте баяу ыдырайтынан жоғарыда айттық. Оның ыдырау мерзімі жүздеген жылдарға созылады. Сондықтан көз келген бір рет қолданылған пластикалық өнім кейінгі ұрпақтарымыздың жер бетінде қалатын ауыр экологиялық жүгіне айналады. Әсіресе теңіздер мен мұхиттардағы пластикалық қалдықтар — жануарлар мен құстардың өміріне тікелей қауіп төндіріп отыр. Көптеген теңіз жануарлары пластикті тағам санап жұтып қояды, бұл олардың өліміне әкеледі. Сонымен қатар, пластиктер микробөлшектерге ыдырап, адам ағзасына да түсуі мүмкін екені ғылыми зерттеулермен дәлелденді.

Пластикальық өнімдерді өндіретін зауыттар жылына атмосфераға 400 миллион тоннаға дейін көмірқышқыл газын шығарады екен. Бүгінде жануарлардың шамамен 800-дей түріне пластикалық заттарды жеп қою және пластикпен улануы салдарынан жойылып кету қаупі төніп тұр.

Бүгінгі таңда әлемдік жыл сайын 300 миллион тоннадан астам пластик өндіріледі. Оның тек бір бөлігі ғана қайта өңделеді, қалғаны қоқыс алаңдарына немесе табиғатқа құйылады. Бұл жағдай әсіресе дамушы елдерге тән, себебі оларда пластикалық қалдықтарды басқару мен қайта өңдеудің жүйесі әлсіз. Қазақстанда да пластикалық ластану мәселесі өзекті. Мәселені шешудің бірнеше жолы бар. Біріншіден пластикті қолдануды азайту керек. Қолдануға ыңғайлы болғанымен бір реттік өнімдерді мүмкіндігінше пайдаланбау қажет. Екіншіден, қайта өңдеу жүйесін жетілдіру маңызды. Қалдықтарды



сұрыптап жинау және қайта өңдеуге жіберу экологиялық проблеманы айтарлықтай төмендетеді. Үшіншіден балама материалдар — қағаз, матадан жасалған өнімдер мен биосыдырайтын пластиктерді пайдалану да шешімнің бірі. Сонымен қатар, адамдардың экологиялық мәдениетін көтеру, білім беру және заңнамалық реттеу де маңызды фактор болып саналады. Пластиктен жасалған бұйымдарды қайта өңдеу — экологиялық мәселелерді шешуге және табиғатты қорғауға бағытталған маңызды қадам.

Пластикті қайта өңдеу процесі

- Сұрыптау

Пластик қалдықтары әртүрлі түрлерге бөлініп сұрыпталады. Әр пластиктің түрі мен химиялық құрамына байланысты қайта өңдеу әдісі де өзгереді. Мысалы, ПЭТ (полиэтилентерефталат) немесе ПЭ (полиэтилен) пластиктері арнайы сұрыптау талап етеді.

- Жуу және тазалау

Пластик қалдықтары жиналғаннан кейін оларды ластанудан (май, тағам қалдықтары, боялар) тазарту қажет. Бұл пластикті қайта өңделуіне кедергі келтіретін қоспаларды жою үшін маңызды.

- Ұсақтау

Тазаланған пластик қалдықтары ұсақталып, кішкене түйіршіктерге немесе чипсаларға айналады. Бұл процесс пластиктің қайта өңделуін жеңілдетеді.

- Қайта балқыту

Ұсақталған пластик жоғары температурада балқып, сұйық күйге өтеді. Бұл сұйық пластик жаңа өнімдерді жасау үшін қалыпқа құйылады.

- Жаңа өнімдер жасау

Қайта өңделген пластик жаңа бұйымдар, контейнерлер, ғимарат құрылыс материалдары, киімдер, ойыншықтар және басқа да өнімдер жасауға қолданылады. Мысалы, қайта өңделген пластиктен жасалған киімдер (полиэстер маталар) кеңінен таралған. Пластикті қайта өңдеу — экологиялық мәселелерді шешудің тиімді жолы. Қайта өңдеу процесі ресурстарды үнемдеуге, қоқыстың көлемін азайтуға және қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді. Бірақ пластикті қайта өңдеудің тиімділігі үшін қоғамның пластик қалдықтарын дұрыс сұрыптап, қайта өңдеу жүйесін жетілдіруі маңызды. Сонымен қатар, пластиктің қолданылуын азайту және экологиялық баламаларды дамыту да маңызды бағыт болып табылады. Пластикальық ластану — бұл тек экология мәселесі ғана емес, адамзаттың болашағына қатысты сын. Біз бүгін таңда пластикпен күресте белсенді болмасақ, ертеңгі ұрпағымыз таза ауамен, таза сумен таза табиғатпен емес, ластанған өлсімде өмір сүруге мәжбүр болады. Сондықтан әрбір іміздің бұл мәселеге жауапкершілікпен қарауымыз, күнделікті өмірімізде пластиктен бас тартуға ұмтылуымыз қажет.

Табиғатты қорғау — тек экологтардың немесе мемлекеттік мекемелердің жұмысы емес. Бұл — әр адамға жүктелген моральдық, адами және азаматтық міндет.

Амина ТИМУРҚЫЗЫ,
студент

МИКРОҚАРЖЫНЫҢ МАШАҚАТЫ



Микрокредит қазіргі таңда кең таралуда. Әсіресе, талабы жеңіл болғанымен зардабы зіл микроұйымдарды жағалайтындардың деңі студенттер. Сан-ауан түрлі сайттар мен жылтырақ букмекерлік кеңселердің жарнамасы микрокредит алушылар санын арттыруда. Алғашқы себеп жастардың құмар ойынға беріліп ақша іздеп сенімсіз сайттардан қарыз алуы, немесе қарызды-қарызбен жабуға тырысуы. Қарызды қарызбен жабу — отты жанармаймен сөндіргенмен бірдей. Ал екіншіден қаржылай сауаттылықтың аз болуымен жастардың ортаман кем қалмайын деген ойы осындай әрекеттерге әкеледі.

Мысалы менің досым мерекке алдында қарындасына, анасына сыйлық алу үшін микроұйымнан кредит алды. Ақшаны сауатты жұмсау, қаржылай сауаттылықтың болуы осы мәселенің алдын алуға көмектеседі. Ата-анасынан ақша сұраудан қысылған жастар да микрокредит алуды жөн санайды. Микрокредит қоғам дерті. Тез ері жылдам ақшаның арбауына алданып қарыздардың көбейіп кетуіне және болашақта ресми құжаттармен несие тарихының төмен болуына тікелей әсер етеді. Микрокредиттік сайттардың өте көптігі бірнеше кредит алып оларды төлемеу жастардың әдетіне айналып кетті

десем артық етпес. Қарыздарды уақытылы өтемей қосымша пайызбен шығындардың өсуі 15 минут ішінде картаға ақшаны жедел табу мақсатында бірнеше сайттан өтініш қалдыру өте жеңіл болғанымен алмақтың да салмағы бар екені, заң алдында жауапты екенінді естен шығармау қажет. Алған кредитін жабу үшін қылмыс жасаған адамдардың көбеюі үрей тудырады. «Періште алтын көрсе, жолдан таяды» демекші дәп осы микроқаржы немесе кредиттік ұйымдармен келсімге отырып сол ақша буымен ішімдікке салынған құмар ойындарға бас тіккен адамдар қазіргі таңда өте көп.

Арнайы спортпен айналысқаннан гөрі букмекерлік кеңселерде спортшылардың бауы мен бабы үшін қалтасыңдағы қаражаттың бәске қоятындар да аз емес.

Менің ойымша студенттерге микрокредиттің зардабын арнайы шаралар мен лекцияларда айтылып отырса дұрыс болар еді. Одан кейін ломбардтардың, микроқаржы ұйымдарының, несие серіктестіктерінің қызметін реттейтін заң керек сияқты.

Алиас ЖАНБОЛАТУЛЫ
студент



Тақырыпқа тұздық

Микронесиенің тұжырымдамасын АҚШ-та оқыған Бангладеш профессоры Мұхаммед Юнус жасаған екен. Ол 1974 жылы Бангладештегі аштыққа қарсы күрес жүргізген. Профессор сол кезде елеусіз ғана несиенің өзі кедейлердің күнкөрісін күрт жақсартып жіберуі мүмкін екеніне көз жеткізді. Сөйтіп, ол алғашқы кредитін бамбук ағашынан жиназ жасайтын 10 әйелге берген. Банктердің табысы жоқ кәсіпкерлерге несие үлестіруге құлықсыз екенін аңғарған Мұхаммед Юнус 1983 жылы «Граммин» банкінің негізін қалады. Банк Бангладештегі кедейлерге микронесие берумен айналысқан. Қарызды қайтару амалы ретінде қазірдей кепілдеме беру жүйесін енгізген. Осылайша несие берудің жаңа моделі АҚШ-тан бастап, дамыған және дамушы мемлекеттерді қызықтыра бастады.

Халықаралық қайта құру және даму банкінің дерегінше, қазір әлемде 7 мыңнан астам микроқаржы ұйымы жұмыс

істейді. Олар дамушы мемлекеттердегі шамамен 16 млн адамға қызмет көрсетіп отыр. Негізгі мақсат — кедей отбасыларға көмек көрсету. Сондықтан бұған белгілі саясаткерлер мен қаржы институттары қолдау білдірді. 2006 жылдан бастап Біріккен Ұлттар ұйымы микронесие беруді белсенді түрде қолдай бастады.

Микроқаржы ұйымдары тұрмысы төмен отбасыларды қолдауға арналса да, оның қызметіне қатысты сын айтушылар көп.

Мәселен, олар микронесиенің пайыздық мөлшерлемесінің шамадан тыс көп екенін алға тартады. Енді бірі — мұндай ұйымдардан несие алғандардың қарызды қайтару мүмкіндігі төмен екенін айтып дабыл қағады. Олар «Өзі кедей болса, қалай қайтармақ?!» деген сауалды ортаға тастайды.

— Биыл қыстың бітетін ойы жоқ-ау көбесі сөгілмей қар да тоң болып жатып алды ғой — деді группаласым Галия кітаптарын тарсылдатып, жазылмай жатқан диплом жұмысына күннің жылшымай қойғаны басты себеп болғандай.

— Қысты неге жазғырасың, көктем ғой көшігіп жатқан, — дедім өріккен еркек сөзімді қыстырып.

— Не де болса уақыттың баяу жылжығаны дұрыс. Студент бола тұрайық, ересек өмірге өрте асыққаннан пайда бар ма? — деді ол қайта жазудан басын көтерместен.

— Ал мен қоқыраған қағаздан, шуылдаған қыздардан құтылатын күнді асыға күтіп жүрмін... қалжың-қалжың, не болды сонша жүзің жүз сексен градусқа өзгеріп кетті ғой.

— Ойнап айтсан да ойыңдағыңды айттың-ау! — деп Галия арқамнан түйіп көп қалды.

— Сабина айтпақшы, «В каждой шутке есть доля правды» дейсің ғой деп бізге үшінші жақтан Рита жағаласа кетті.

— Айтпақшы, Сабина көрінбейді ғой?

— Ол оқудан шығып кетті.

— Қалайша? Қайда кетті?

— Білмеймін, телефонсыз сөндірілді.

— Бөлмесіңнің қайда кеткенін білмеймісің, не қылған адамсың?

— Мен Сабинаны іздейін, сен онда мәңгі диплом жұмысыңды жаз!

— Сабина менің курстасым да емес, құрдашым да емес, құдай қосқан бөлмесіміз. Құдай өзі қоспаса кісіге жоламай сақ жүретін мен сияқты меланхолик адам үшін қазақ тіліне шорқақ солтүстіктің қызымен жолымыз түйсе қалған жағдайдың өзінде жақын араласып, ажырама дос боп кету екіталай еді. Жатақханада тұрамыз. Жоғары курстарда пысық студенттер ала жаздай бір-бірімен хабарласып, хат алмасып, өзара келісіп, ерте келіп бір бөлмеден орын алуға тырысады да мен сияқты «ұзын арқан кең тұсауға» салып, бейік жүретіндерге Сабина сияқты сырттан келген көпшілік жатырқай қарайтын, жаны түсіне бермейтін, ерекше қыздармен бір бөлмеде тұру бұйырды.

Ол бойы аласалау келген нәзік бітімді, бетіне ұсақ қызыл безеу қатпаған сары қыз болатын. Күлгенде құдай өзі шақтап берген кішкентай кездері одан сайын жабылып, ұсақ сарғыш тістері гана көрінп жүзі арайлана түсетін. Десе де қас пен кірпіктен ада, жарқ етіп көзге түсер көңіл жоқ еді. Орамалын шешкенде қылтып шыққан сарымсақтың сабы іспетті бір тұтам сары үрпек шашы тіпті қызық. «Сабина, қайтып орамалыңды тағып алшы» деп күлеміз. Ол құдды бір орамал тағу үшін жаралғандай. Орамал оған осы бір табиғат аянып қалған жұп-жұқа селдір шашын жасыру үшін берілген құдайдың сыйы іспетті. Басына орамалын таққанда ол басқа адам да, шешкенде мүлде басқа адам. Ол кезде орамалды қыздар саусақпен санарлықтай, сондықтан да шығар кешеді Сабинаға тіпті, оның жанында жүрген маған көп адам үдірей қарайтын. Ол болса «Бесая! Смотрят будто человека в платке не видели в жизни!» деп ашуланатын. Сабина орыс тілді ортада өскен қыз болғанымен ана тілінде сөйлеуге тапшылығы белек еді. Өз күшімен Филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне грантқа оқуға түсуінен-ақ павлодарлық сары қыздың туған тілін үйренуге деген тапшылығының, ынта мен ыждаһатының зор екенін аңғаруға болатын. Жатса-тұрса қолынан «Абай жолы» түспейді. Оқу түсінбеген сөздерінің астын сызып қояды да бізден тәліштеп сұрайды. «Абай жолын» оқушы кезімде түгелісіп тастағаным деп мактанатын бекер өкпе, Сабина сияқты әр сөздің байыбына барып оқымағандымды сонда ұқты. «Сақал-шашы бір рендес, қара бұрыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға төсіле қарамайды». «Рендес» деген не? — дейді Сабина. Рендес деген бір түсті, түстес деген сөз деймін білгіріңіз. «Сақалы мен шашының цветі бірдей ғой, короче» деймін артынша Сабинаша сөйлеп. Ол енді «Шетінен сөзуар, сотқар Жігітек» деген сөйлемді оқи келе, қараңдашпен асты сызылған «сөзуар» деген сөзді көрсетеді. Мен сәл ойланп қалып, қызыл тілді, сөзге шешен адамды айтады деймін де, Сабинаның ол сөздерді бірден ұға кететініне күмәнданып «красноречивый

человек» деп орысша аударамын. Ол түсіндім, түсіндім деп басын шайқап риза болады. Сосын ал мына сөздің мағынасы қандай деп қайта басымды қатырады. Кейде оның бәді «ұстаз» санап, әр сөзімізге құлақ түре тыңдап бас шұлғығанына мерейімсіз тасып, көгірісіп «аңқау қызға арамза молда» боп кететін де кезіміз болатын. Ол сонғы уақытта Абайдың қара сөздерін оқып жүрді. Соған қарағанда екі томдықты бітірген сияқты. Ұлы Абайды тек оқымайды, талдайды. Мағынасын бізден сұрап есімізді шығарады. Бірде зәреңап болғанда — Сабина, тіл сындыру үшін Абайды емес, қарапайым кітап оқысаңшы, мысалы, балаларға арналған ертегілер мен шағын әңгімелер, — деп оған ақыл айтып «оңайдан қыныға, жеңілден күрделіге» әдісін ұсындым. Ол менің сөзімді құлағына қыстырмады, Абайды айтам, «қайрат», «жүрек», «ақыл» сөздерін өте көп пайдаланған екен деп ыржиып, көзін жұмып ұзын-сонар ойға шомып басқа өлемде отыр. Ол сөйлескенде бейне бір қиял өлеміне батып бара жатқандай көзін жұмып, аузын ашып күле сөйлейтін.

— Мейлі, шыңнан төмен құлдапаған өлдеқайда оңай ғой, оқи берші Абайды! — дедім. Не керек, қысқасы Сабина маған ұнады. Артық ауыз сөзі, ешкіммен шаруа-сы жоқ, өсек-аяннан алшақ, сұғанақтанп адамның жеке шекарасына етпейді. Қашанда

ренжімейді, менімен жақсы сөйлесетін.

Бірде атып тұрып апыл-ғұпыл төсек жинап жатқанымды көріп, «осы сен істі жылдам өрі ұқыпты тындырасың, ширақ қимылдайтыңдай ұнайды» деп маған мақтау айтты. Бала күнімде жайбасарлығым үшін көп сөз естіп өскен мен оның бұл мақтауына шын қуанып қалдым. Сол күні екеуміз оның апасының үйіне бардық. Ол Мехпоселокта тұратын мүгедек кемпірдің күтушісі болды ма, ол жағын анық білмеймін өйтсеу сол жаққа көп барғыштайтын. Соңғы уақытта балалары қайтыс болып кеткен бейбақ кемпірге көмектессіміз деп кетіп, сонда қонып қалатынды шығарды. Содан бастап, ол бөлмеге қонуды сиретті. Қайда жүрсін деген сұрағымызға «Мешітте ұйықтап қалыпмын» деп жауап берді. Одан әрі біз де қазбалар сұрамаймыз. «Осы қыз бірдеңеге ұрынып қалған жоқ па?» деді бірде Рита. Оның не айтағын ішім сөзіп «ол бізге қарағанда ойлау деңгейі жоғары, көргені көп, қырағы қыз ғой» — дегеніммен, іштей уайымдай бастадым. Өткенде группаласымның айтқаны рас болмаса кетті. «Сен қалай қорықпай Сабинаның бір бөлмеде жатасың» деген болатын. «Несіне қорқамын ол адам жемейді» деп қысқа қайырғанымда «Ол сектаға кіріп кеткен сияқты» деген еді. «Білмеймін, ол мені ешқашан ешқандай дінге, жат ағымға үгіттеген

сөйдеқ биік шарбақтың саңылауынан ішке көз жібердік. Құлауға шақ қалған ескі там көзге тым сиықсыз көрінеді. Сейтек ескі ашық екен. Дарбазаны адам тұрмайтындай өтіп әдейі бекіп қойған сияқты. Біз іммен бас-сып ішке ендік. Қараңғы бөлмеден күңгірсен темекі иісі аңқып кетті. Сабинаға мына кемпір жалғыз тұра ма деп сыбыр еттім. Ол ие дегендей басын ізеді. Онда шылдымды кім шеккен деп сұрадым. Сабина мән бермесе керек, жауап қатпады. Мұртты кемпір тар бөлмеде мүгедек арбасымен зырылдап жүріп дастарқан жайды. Дастарқанға Сабинаның сүйікті тағамы — қуыршаған картоп пен табиан қойылды. Ашқұрылған студент болсам да оның тағамына біртүрлі тәбетім тартпады. Қарасам, Сабина көзін жұмып сүйсіне жеп отыр. «Сабина тамақты мысық сияқты көзін жұмып ішеді» деген Ританың сөзі есіме түсіп кетті. Мен ақырын айналамды шолып өттім. Қараңғы бөлме қуысына орналасқан үстел үстінде рамкадағы суреттер көп екен. Әр қайсысына көз тоқтатып жеке-жеке қарап шықтым. Ондағы ойым бұл жалғыз кемпірдің жақындарымен танысу. Жалғыз басты орыс кемпірлерін көріп жүрміз, ал жалғыз қалған қазақ кемпірді бірінші рет көріміз. Кенет маған қарап күліп тұрған сығыр кезді сары қызға көзім түсті. Мен рамкадағы суретке бір, Сабинаға бір қараймын да, мынау сен ғой деймін. Ол есің дұрыс па дегендей маған имығынан күліп ол осы алаңың қызы

ғой, қайтыс болып кеткен қарамайсың ба, бұл сурет 1982 жылы түсірілген деп астындағы жазуды көрсетті. Расымен де он жастағы ішкентай

қыздың суретінің астында 1982 жыл деп жазу бар екен. Ал Сабина 1989 жылы туған. Дегенмен де айнымас ұқсастық бар. Мен суретке қараумен болдым, қараған сайын ондағы қыз да маған қарап жымылдап күлетіндей. Қараған сайын суретке жан бітіп рамкадан Сабина шыға келетіндей. Не деген ұқсастық деймін тандауым. Мен сөзі ісі шыққан қараңғы тар бөлмеден шығуға асқанымнан Сабина өз үйінде отырғандай қаннен қаперсіз. Тұрткілеп қайтуға ымдағанымен ол менің сөзімді құлағына да ілместен тырып етпей отырп алды. Не керек, кеш қоюлана жалғыз қайттым. Жол бойы троллейбуста өй үстінде келемін. Сабина менен бәрін жасыруы мүмкін, ол ана кемпірдің нөмересі шығар. Бірақ Сабинаның анасын өз кезімінен көргенмін. Заманауи, әдемі, іскер әйел. Павлодарда бір компанияның директоры, бақуатты тұрады. Мына кемпірдің қызы болуы мүмкін емес. Екінші нұсқа бұл әйел өз қызына ұқсағасын Сабинаны тауып алып жібергісі жоқ, ал Сабина ше? Сыз иісі мүлкінен ескі құжыраға, өзі зорға жүрген мүгедек кемпірге несіне барыштайды?

—Мейлі аяғы бар болсаң жоқ болсын алпыстан асқан кемпірдің буындары аурауын шығар, сол үшін ербаға отырған ыңғайлы шығар. Мен одан бөлгендей қорқыныш көріп тұрған жоқпын — дедім. Ол үндемеді.

—Әттең, құдай берген өлеуетінді дұрыс пайдалана алмай жүрсін таппасаң сенен мықты әдебиетші шығады — деп сөз ауанын басқа жаққа бұрдым. Ол сөзіме жауап қатпастан маған киімін алып кету үшін өзімен бірге жатақхана баруды өтінді.

—Әнеу үстелдегі кепін үйретін жеп отырған ер мен әйелді көрдің бе? Міне, сол менің үстем. Олар тұрмайына маған қайтуға болмайды, серіктессін суранып кеткен. Қаласаң, мен саған такси шақырып берейін — дедім балаға түсіндіргендей.

Ол орнынан оқыс тұрда да тырп-тырп басып шығып кетті. Барда тұратын Рахат есімді қырғыздың қызы оны көзінің қиығымен басынан аяғына дейін бір шолып етті де «біздің қожабын мұндай қыздарды ұнатпайтынын білетін шығарсың» деді.

—Мейлі, ұнатпаса даған ары, күнде келіп жатқан жоқ ғой деп шырт өте қалдым. Ол сол кеткеннен мол кетті, жатақханадан гана емес, оқудан да шығып кетті.

Арада уақыт өткенде орталық базардан кездестіріп қалып, қуанып кеттім. Мән-жайды сұрамақ болып алып-ұшып Сабина! Сабина! — деп елпектеп артынан жүгірдім. Ол мені танымайтын адамдай бестіме бір қарады да тіл қатпастан тар етегімен тұсаулы аттардай тырп-тырп басып жылған қалың нөпірдің арасына кіріп кете барды.

Әйгірім ИЕБЕКОВА

КЕШІККЕН КӨКТЕМ

өзімен-өзі әуре боп жүргені. Оқу залына барып бөкс уақыт намазын оқып келеді де, отыра қап кітапқа шүжіялды. Кейде көңілдеңде өз өмірі туралы айтпайды. Ал кейде шыртайт кіншіп ал, асығыс бір жаққа шығып кетеді. Кім кию мәнері де қызық. Салп етек көйлек киіп, орамал тағып үстінен бастырып көпке киген адамды бірінші рет көріміз. Ол кезде іштерін ашып кіндіктерін көрсетіп қысқа кофта кию өзінше бір сән еді. Қысқа кофта мен тыртыған джинса шалбар киетіміз. Ал Сабина сияқты спорт-шик киетіндерге біртүрлі қараймыз.

Ол айна алдына тұра қалып, қолын беліне таянып «Мен бифаимын!» деуші еді қалжыңдап. Етегімен жер сызатын ұзын өрі тар юбкамен тұсаулы аттардай тырп-тырп басып жүретін оны біз дыбысынан сонада-дан танып «О, фифа келе жатыр!» дейміз.

— Адамның бет жүзі, киген киімі, жан дүниесі, ойы, қысқасы бойындағысының бәрі әдемі болу керек деп Чехов айтқан — дейтін ол. Ежіктеп қазақша сөйлегені тым қызық.

— Ой сенің арқаңда ұлылардың афоризділеріне тойдық дейді Рита оны кетес күліп.

О бестан-ақ Сабина мен Ританың жұлдызы жараспады. Екеуінің пікір керекарлығы өскен орта, туған жерге де байланысты ма деп ойладым. Рита оңтүстіктің қызы — Шымкенттен, Сабина солтүстіктің қызы — Павлодардан.

Ұшқан құстың қанаты талатын ұланғайыр атырабымыздың салт-санасы мен әдет ғұрпы, өмір сүру қағида да әр қилы ғой. Оңтүстіктің қыздары қонақжай келеді. Бөлмеге өзге группаластарын шақырып қонақ еткенді, көпшілікпен етене арасқанды ұнатады. Адамның іш-бауырына кіріп, кіммен болсын тіл табыса кетеді. Сондықтан да шығар Ритамен е дегеннен жақсы араласып кеттік, өлі күнге дейін сөлеміміз түзу. Ал Сабинаның тіл сөйлейтінді, ешкімге ұқсаймайтын өзгеше қылығы, баладай тазалығы маған ұнайды. Сондықтан екеуім де жақын тартып, батыс пен шығысты жалғаған алтын көпір іспетті екі қызды бітімге шақырып араларында жетісулық мен жүреміз.

Бірақ оның кезде Сабинаның мінезі өзгерді. Сәл нәрсеге себепсіз ашуланып, айқайлап ұрыс шығаратын болды. Сырттан келе сала сөмкесін лақтырып, Ритаға «сен неге бөлмені жинамайсың?» деп дұрыс қорып болды.

Рита да қарап қалмайды, «дауыс көтерме маған, мен міндетті емеспін!» — деп қомданып шыға келеді. Сабинаның «Не мына жер шаңшаң! Таза емес! Болмайды олай. Қас өсеге да мен жинаймын ал сен отырарсың!» — деп Ритаға қарап ұрысқанымен маған да қатысты айтылған сөз деп ұқты.

— Сенің дұрыс емес, айқайламай айтсан болар еді — дедім Ританы жақтап. Ол маған жауап қатпады, есікті жауып, тырп-тырп басып шығып кетті. Барлық ұрыс-керісте Ританың жағында жүреміз сонда Сабина

емес — дедім оның төңіреге сөйлеген сөзін ұнатпай. Ол айымды түсінгендей үнсіз қалған.

4 курста сабақ жеңілдегеннен жазатын дипломдық жұмыс бар, оның үстіне кафеде дағды болып істейміз Қысқасы, қыздардың пыш-пыш сөзіне қосылуға уақыт жоқ еді.

Бірде жұмыста чечил майдалап отыр едім апыл-ғұпыл басып Сабина кіріп келді. Жүзі адам шошырлық, бетінде қан сөп жоқ. Тар етегіне көз тізесін соғып тұсаулы аттардай сырп-сырп басып жаныма жеткен ол — саған бірдеңе айтуға келдім! — деді жулып атқандай.

— Айта бер, — деп селқос жауап қаттым.

— Өткендегі қолдақпады ана ол қолыққада емес екен — деді балаша шатып.

Қысқасы Сабина өзі қамқорлық танытып жүрген арбаға таңулы мүгедек кемпірді үйінде өз аяғымен жүргенін көріп қашып шыққан екен.

Сабинаның шорқақ тілі маған әсер етпеді ме, әлде сөзімді болып кеттім бе?

— Енді өз аяғымен жүре алатынына көзің жетті. Болды, енді қайтып ол жерге барма! Осымен шаруа бітті. Мен бұл жерден ешқандай проблема көріп тұрған жоқпын — деп сүлсөк жауап қаттым.

Ол бір ұыс болып үрлеп, орындыққа сылқ отыра кетті. Өзінің кішкентай денесі одан сайын солып шөкімдей бола қалды.

Расыммен де Сабинаның дірдек қағып қорқып тұрғаны бас қатыратын нәрсе ме әлде мен жүрексіз адаммын ба? Тас қалада тіршілік қамымен жүріп жүреміз тасқа айналып бара жатқандай. Таңерттеп тұрып сабаққа барамын да түсте жатақханаға келіп сабағымды оқып, киімді ауыстырып, кешке жұмысқа кетемін. Кешкі алтыдан түнгі он екіге дейін жұмыс істеймін. Жатақхана — қорпус — қатпаңа — жұмыс — жатақхана. Дәл осы схема бойынша өмірім өтіп жатыр. Бүгін ауа райы қандай болып тұр, жаңбыр ма, қар ма, боран ба, дауыл ма маған бәрібір. Шуағын төккен күнге, нұрын шашқан айлы түнге, жайқалған гүлге, гүлге қона көбелекке, сайраған құсқа, жайқалған терекке, ақ көбік атқан субұрқаққа қысқасы, жан-жағым қарауға уақыт жоқ. Күлді, жылғауды, ойлануды, сезінуді нәпақа табу жолында құрбан етіп, жансыз роботқа айналып бара жатқандаймын.

Мен оның көңілін ауламақ ниетпен «әдемі боп кетіңіз, фифа боп тұрыңыз!» — дедім. Бірақ оның көңілі көтеріле қоймады. Екі иіні салбырап, алабұртып отырды да — Мен оны тастап кете алмаймын — деді.

Ол кемпірдің үйіне мені де ертіп апарған. Екі өзүіне салақтаған қал-қара мұрты рабайсыз жүзіне ерекше сүс береін кемпірдің шын аты — Демет. Баруын барып алып қаз қатар тізгілген жұлыны үйлердің біріне жақындағанда бойымды біртүрлі үрей биледі. Бояуы онып кеткен темір кенетоз дарбазаны сырғылта тітеп темір сыммен біржеше жерден жіппен шанып байлап тарс бекітіп тастаған. Сөйдеқ-

СЕРГІТКІШ СУСЫННЫҢ СЕРГЕЛДЕНІ КӨП



Соңғы жылдары дүкен сөрелерінде жарқырап тұрған энергетикалық сусындарды тұтыну жастардың күнделікті өдетіне айналып бара жатыр. Шаршауды басып, сергектік сыйлайтын бұл сусындар шын мәнінде адам денсаулығына қандайлықты пайдалы? Әлде, бір қарағанда тиімді көрінгенмен, түптің түбінде тәуелділікке душар ететін қауіпті өнім бе?

Энергетикалық сусындардың құрамы – кофеин, таурин, гуарана, B тобы дәрумендері мен кант. Бұлардың әрқайсысы белгілі мөлшерде адамға сергектік береді. Тұрақты түрде қолданған адамның жүйке жүйесі тозып, ұйқысыздық, ашушандық және жүрек соғысының бұзылуы сияқты мәселелер пайда болады. Кейбір зерттеулер тіпті энергетиктерді ұзақ қолдану жүрек-қан тамырлары ауруларына әкелуі мүмкін екенін анықтаған.

Мысал ретінде бір жайтты келтірейік. Алматы қаласындағы 18 жастағы студент Арнур сессия кезінде күн сайын 2-3 банка энергетик ішкенін айтады. «Сергіткіш сусын бастапқыда жақсы көмектесті. Бірақ кейін өзімді шаршаңқы сезіне бастадым. Басым ауырып, жүрегім жиі соға беретін болды. Дәрігерге барсам, қан қысымым көтеріліп кеткенін айтты. Қазір энергетик ішуді мүлде қойдым», – дейді ол. Жастардың көпшілігі энергетик ішуді сән көреді, до-

старымен бірге отырып «Red Bull», «Gorilla» немесе басқа да сусындарды ішуді қалыпты деп санайды. Алайда бұның артында үлкен тәуелділік жатыр. Әсіресе спортпен шұғылданатындар немесе түнде көп жұмыс істейтіндер арасында энергетикке тәуелділер жиі кездеседі.

Тағы бір мысал – ауылдық жердегі бір мектеп мұғалімінің айтуынша, 9-сынып оқушылары мектепке энергетикалық сусындар алып келіп, үзіліс кезінде ішіп жүргені байқалған. «Басында елеусіз көрінген, кейін бірнеше оқушы сабақта қалтырап, әлсірей бастаған соң, ата-аналармен сөйлескен. Сөйтсе, балалар оны шаршаған кезде күш алу үшін ішетін болған», – дейді ұстаз. Диетолог маманары: «Энергетикалық сусындарды аптасына 1 реттен артық ішу – тәуелділікке апарды. Ал жасөспірімдер мен жүкті әйелдерге мүлде ішуге болмайды. Азаға түсетін салмақ – өте жоғары», – дейді.

Мәселенің шешімі – ақпараттандыру мен бақылау. Ата-аналар мен мұғалімдер балаларға бұл сусындардың зияны туралы жиі айтуы керек. Сонымен қатар, дүкендерде 18 жасқа толмағандарға энергетик сатуға шектеу қатаң сақталуы қажет. Энергетикалық сусындар – уақытша сергектік сыйлайтын бірақ ұзақ мерзімде денсаулыққа зиян келтіретін өнім. Олардың тартымды қаптамаcы мен жарнамасы арбап, шын бет-бейнесін жасырып тұр. Сондықтан әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, жасанды қуаттың емес, табиғи тынығу мен дұрыс өмір салтының пайдасын түсінуі керек.

Азамат ДАУЛЕТБАЕВ,
студент



Жасанды интеллект бастапқыда адамдардың жұмысын жеңілдету, ақпаратты тез өңдеу, шешім қабылдау процесін оңтайландыру үшін ойлап табылған. Алайда соңғы жылдары бұл жүйелер адамның шығармашылық, тілдік және аналитикалық қабілеттерін қайталай алатын деңгейге жетті. ChatGPT, Midjourney, Sora сияқты платформалар тек сұхбаттасып қоймай, мақала жазды, сурет салады, видео құрастырады. Бұл – бір жағынан жетістік, екінші жағынан адамның интеллектуалдық репіннің төмендеуіне көрі әсер етпей ме?

Көптеген сарапшылар ЖИ-дың тым жылдам дамуы адамзаттың болашағына қауіп төндіруі ықтимал екенін айтады. Google, OpenAI және Tesla компанияларының жетекшілері де бұл жайында алаңдаушылық білдіріп келеді. Себебі бір жағынан жасанды интеллект адамның орнын баса бастады: журналистикада, білім саласында, өнерде, тіпті медицинада.

Кітап оқу мен үшін сән немесе міндет емес. Бұл – жан дүниенің тынысы. Кейіпкерлердің – әлеуметтік желілер мен қысқа видеоларға үйренген буынның шапшаң тұтынуға құмарқан өдеті шығар. Бірақ әдебиет – тез әсер ететін контекст емес. Ол тереңнен қозғайды, сабырды қажет етеді.

Абайды түсіну үшін жастық максимализмнен өтіп, өмірді сал тереңірек тану керек. Мұқалы жырларына үңілсең – бүгінгі жаныңды дәл бейнелейтін жолдарды табасың. Қуаныш Жиснбай, Айгүл Кемелбасова секілді қазіргі қаламгерлердің де шығармаларынан шынайы өмір мен қазіргі заман бейнесін көруге болады. Бұл туындылар – жүректен оқылғанда ғана сырын ашады.

Кітап оқу мен үшін сән немесе міндет емес. Бұл – жан дүниенің тынысы. Кейіпкерлердің



ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ

Қазіргі уақытта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы буллинг – қоғам үшін өзекті мәселе. «Буллинг» сөзі – «қорқыту», «қысым көрсету», «бұзақылық» деген мағыналарды білдіреді. Яғни, бұл – өлсіз, қорғансыз адамға әдейі психологиялық немесе физикалық тұрғыда қысым көрсету, қорлау. Психологтар буллингтің көз келген түрі қауіпті екенін айтады.

Осындай жағдайлардың бірі Алматы қаласындағы бір білім мекемесінде орын алған.

Айгүл есімді 17 жастағы студент ауылдан қалаға білім алу мақсатында келген. Жаңа ортаға бейімделуге тырысып жүргенінде, кейбір курстастары оның киіну стилі мен сөйлесу мәнерін мазақ ете бастады. Әлеуметтік желіде Айгүлдің суреттерін қоллаж жасап, анонимді түрде таратып, түрлі қорлау сөздермен жазба қалдырған. Бұл әрекеттер оған қатты әсер етті – қыз сабақтан қалуды бастады, тынышталып, достарынан алыстап кетті. Психологиялық тұрғыдан үлкен күйзеліске түсті.

Оқытушылар бұл жағдайдан бейхабар, себебі Айгүл алғашында бұл туралы ешкімге айтпаған. Тек оның ата-анасы колледж әкімшілігіне шағым түсіргеннен кейін ғана жағдай анықталып, тиісті шаралар қолданды. Колледжде арнайы комиссия

құрылып, буллингке жол берген студенттермен жұмыс жүргізілді. Айгүлге психолог көмекі көрсетілді, және ол біртіндеп қалыпқа келе бастады.

11-15 жастағы әрбір бесінші қазақстандық жасөспірім ай сайын буллингтің құрбаны немесе қатысушысы болады екен. Бұл ретте ауылдықтармен салыстырғанда қапа оқушыларға жиі зардап шегетін көрінеді.

Бұл мысал буллингтің қаншалықты қауіпті екенін көрсетеді. Оның салдары тек академиялық үлгерімге ғана емес, жасөспірімнің психологиялық және әлеуметтік дамуына да кері әсер етеді. Сондықтан оқу орындарында буллингке қарсы жүйелі жұмыс жүргізу, алдын алу шараларын күшейту, оқушылар мен студенттерге эмоциялық қолдау көрсету – өте маңызды. Әрбір ата-ана өз баласымен ашық әңгімелесуді, өзі немесе басқа бала қысымға ұшыраса не істеу қажет екенін түсіндіруге кеңес беруі керек. Сонымен бірге баланың өзі агрессорға айналып кетпес үшін, айналасына деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру қажет.

Жанат ЕРСҰЛТАН,
студент

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ДАМУЫ БОЛАШАҚҚА ҚАУІП ПЕ?

на мен құқықта. Бұл жағдай миллиондаған адамның кәсіби болашағына күмән туғырып отыр.

Тағы бір елеулі қауіп – ЖИ арқылы жалған ақпарат тарату мен манипуляция жасау мүмкіндігі. Deepfake технологиясы арқылы адамның түрін, дауысын айнытпай көшіріп, жалған видео жасайтын кезеңге келдік. Бұл – тек жеке тұлғаның емес, тұтас қоғам мен мемлекеттердің қауіпсіздігіне қатер төндіретін үрдіс.

Осы орайда ЖИ-ді кім бақылайды? Оған шектеу қою мүмкін бе? деген сұрақ туады. Қазіргі таңда бұл салада бірыңғай халықаралық заңнама жоқ. Әрбір мемлекет өз бетінше шешім қабылдап жатыр. Бірақ технологияның трансұлттық сипаты оны тек бір елдің деңгейінде бақылауды қиындатады.

Біз технологиямен күреспеуіміз керек, бірақ оны адам иілігіне бағыттаудың жолдарын нақты айқындауымыз қажет. Адамның жүрегі, жан дүниесі, жауапкершілігі – машиналардан жоғары тұруы тиіс. Жасанды интеллект бізге көмектесетін құрал ғана болуы керек, ал шешім қабылдау құқығы адамда қалуы тиіс.

Сөз соңында айтарым, жасанды интеллекттің болашақтың иесі емес, тек бір бөлігіне айналдыруымыз керек. Біз оны дамытамыз ба, әлде өзіміздің адамдық болмысымызды жоғалтып аламыз ба ол адамзаттың өзіне байланысты.

Аяжан ӘНЕТ,
студент

«ҒАЛАМТОР ЕМЕС, ҒАЖАП ӘЛЕМ – КІТАП!»

Қазақ әдебиеті мен үшін жай ғана мәтіндер жиынтығы емес – ол тарих, тағдыр, рух. Әр бетінде бабалар үні, ер жолында өмір сыры жатыр. Осы сезім мені кітапқа ғашық етті.

Балапық шағым Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесімен басталды. Қожаның қыңыр мінезінә күлсем де, ішкі адалдығына риза болдым. Кейін Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» оқығанда, әдебиетке деген көзқарасым мүлде өзгерді. Сол күннен бастап кітап менің ұстазыма, серігіме, жан дүниеміңнің айнасына айналды.

Бірақ өкініштісі, қазір көп жастар қазақша әдеби кітаптарды қызықсыз деп есептейді. «Тілі ауыр», «оқиғасы баяу», «іш пыстырады» деген пікірлерді жиі естимін. Мүмкін, бұл

– әлеуметтік желілер мен қысқа видеоларға үйренген буынның шапшаң тұтынуға құмарқан өдеті шығар. Бірақ әдебиет – тез әсер ететін контекст емес. Ол тереңнен қозғайды, сабырды қажет етеді.

Абайды түсіну үшін жастық максимализмнен өтіп, өмірді сал тереңірек тану керек. Мұқалы жырларына үңілсең – бүгінгі жаныңды дәл бейнелейтін жолдарды табасың. Қуаныш Жиснбай, Айгүл Кемелбасова секілді қазіргі қаламгерлердің де шығармаларынан шынайы өмір мен қазіргі заман бейнесін көруге болады. Бұл туындылар – жүректен оқылғанда ғана сырын ашады.

Кітап оқу мен үшін сән немесе міндет емес. Бұл – жан дүниенің тынысы. Кейіпкерлердің

тағдыры арқылы өзімді танымын, тарих беттеріннен ұлтты көремін, сөз арасынан болашаққа үміт іздеймін.

Қазақ әдебиетін оқыған сайын мен өзімді жоғалтпай, тамырымды таба түсем. Өйткені сөз – біздің рухымыз. Ал кітап – сол рухты тірліктен оң қып құрал.

Қазір біз жазғандану дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Әлемдік әдебиеттен хабардар болу маңызды, өрине. Бірақ өзіміздің төл әдебиетімізді ұмыту – өткенімізден ажырау. Қазақ қаламгерлерінің әрбір шығармасы – біздің ұлт болып қалыптасу жолымыздың бір белесі. Олар бізге өз болмысымызды түсінуге, жүрек тілпіріндегі үнсіз сұрақтарға жауап табуға көмектеседі.

Кейде әдеби шығарма адамға дәл қазір қажет кеңесті береді. Бір кейіпкердің тағдыр арқылы өз мәселемізді шешуге түрткі болады. Сол үшін де әдебиет – тек эстетикалық лоззат емес, ол – өмір мектебі. Ол – жаңа жылу, санаға серпін беретін рухани қорек.

Менің замандастарым да әдебиеттен алыстамаса екен. Қазақ әдебиетінің ұлылығын таныса, сол арқылы өздерінің де рухани әлемін байытса. Әр кітап – жаңа әлем. Ал қазақ әдебиеті – өз әлемімізге апаратын ен шынайы жол.

Жанәлі БЕКИШЕВА,
студент

СПОРТ – РУХТЫҢ КҮШІ, ДЕНЕНІҢ СЕРГЕКТІГІ



Спорт – тек дене қуатының ғана емес, рухтың да күші. Бүгін біз еркін күрестен Қазақстан деңгейінде талай белесті бағындырған жас спортшы, Жетісу облысының мақтанышы Шаймуран Бөделмен сұхбаттасқан өдік.

– Шаймуран, алдымен өзіңіз жайлы қысқаша айтып өтсеңіз. Қай жерде дүниеге келдіңіз, спортқа қызығушылығыңыз қалай басталды?

– 2003 жылы Жетісу облысы, Көксу ауданына қарасты Жетіжал ауылында дүниеге келдім. Спортқа деген қызығушылығым бала кезімнен басталды. Аулада көршілес балалармен жиі күресіп, күш сынасатыным. Сол ойынның арасында еркін күрестің маған үлкен тәрбие мен тәртіп беретін нағыз ерлер спорты екенін сезіндім. Осылайша күреске деген махаббатым ерте оялды. Қазіргі таңда Жетісу университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша 4 курс білімгерімін.

– Еркін күресте қандай жетістіктерге қол жеткіздіңіз?

– Ең үлкен жетістігім – еркін күрестен спорт шебері атағын алуым. Сонымен қатар, Жетісу облысы чемпионатының бірнеше дүркін жеңімпазымын. Республикалық деңгейде де жарыстарда жүлделі орындар алып жүрмін. Ақтау қаласында өткен Қазақстан Республикасының XII жазғы Универсиадасында күміс жүлде иелендім. Сондай-ақ, 23 жасқа дейінгі ересектер арасындағы ел біріншілігінде қола жүлдегер атандым. Қазіргі таңда 65 келі салмақ дәрежесінде белдесіп жүрмін.

– Осы жетістіктерге жетуде кімнің үлесі ерекше деп айтар едіңіз?

– Ең алдымен, ата-анам, әрине, жаттықтырушы Шоңырақов Қанат Ұзақұлына алғысым шексіз. Ол кісі маған тек техникалық жаттығуларды үйретіп қана қоймай, спортшыға керек рухани дайындық пен тәртіпке де баулыды. Жетістіктерімнің негізінде жаттықтырушының үлкен еңбегі жатыр.

– Болашаққа қандай жоспарларыңыз бар?

– Алдағы мақсатым – халықаралық аренада Қазақстанның атын шығару. Азия және әлем чемпионаттарында ел намысын қорғап, алтын жүлдегермен елге оралу – басты армандарымның бірі.

– Жас спортшыларға қандай кеңес берер едіңіз?

– Біріншіден, шыдамдылық пен еңбек – спортшының ең сенімді серігі. Арманың болса – оны ұмытпа. Қиындыққа қарамай, алға ұмтыл. Күрес тек физикалық күш емес, ол – мінез бен рухтың күресі.

– Сұхбатыңызға рахмет, Бөдел жаңа жеңістер мен табыстар тілейміз!

Бүгінгі сұхбатымыздан жас буынның спортқа деген сүйіспеншілігін айқын байқадық. Бөдел сынды талапты жастардың көбейгені кеңіл қуантады. Болашақ осындай ізденімпаз, белсенді, қайырымды жастардың қолында.

Айбек БЕЙСЕМБЕК,
Азамат ДАУЛЕТБАЕВ,
ЖУ студенттері

ЖАНА ДӘУІРДІҢ
ЖАСТАРЫ
НЕГЕ ҚЫЗЫҒАДЫ?

әзілдеп қоймай, мотивациялық видеолар, пайдалы кеңестер, қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғаймын.

Бүгінгі жастарға оң ықпал ету – үлкен жауапкершілік. Әр видеомада тәрбиелік мәні жоғары, мазмұнды болуын қадағалаймын.

– Еріктілік жұмысымен қалай айналысып жүрсіз?

– 2021 жылдан бері еріктілер қатарындамын. Қаладағы экологиялық акциялар мен қайырымдылық шараларға, жастар форумдарына қатысып келемін. Ерікті болу – тек көмек көрсету емес, үлкен адамгершілік мектебінен өту деп білемін. Бұл мені жауапкершілікке, мейірімділікке үйретті.

– Би өнері сен үшін нәні білдіреді?

– Би – бала күнімнен сүйікті ісім. Қазір «хип-хоп» пен «фристайл» билеймін. Онлайн курстарға қатысып өзімді дамытып жүрмін. Би өнері – еркіндік пен эмоцияның көрінісі. Жастар ішкі жан дүниесін өнер арқылы жеткізгені дұрыс.

– Жалпы қазіргі жастардың өзгешелігі қандай деп ойлайсың?

– Біз цифрлы заманның буынымыз. Бәріміздің қолымызда интернет, кез келген білімге, ақпаратқа қолжетімділік бар. Жаңа дүниеге бейімбіз, өзгерістен қорықпаймыз. Ең бастысы – қоғамға бейжай қарамаймыз, белсендіміз.

– Алдағы жоспарларың қандай?

– Медиа саласында кәсіби маман болғым келеді. Қоғамға пайдасы тиетін, жастарға ой салатын сапалы контент жасап, журналист ретінде қалыптасу – арманым. Сонымен бірге, волонтерлік пен шығармашылықты қатар алып жүру – өмірлік бағытым.

– Рақмет, Ақжол ісіңе сәттілік тілейміз!

Бүгінгі сұхбаттан жас буынның көзқарасы мен ойын, қоғамға деген жауапкершілігін айқын байқадық. Ақжол сынды талапты жастардың көбейгені кеңіл қуантады. Болашақ – осындай ізденімпаз, белсенді, қайырымды жастардың қолында.

Айбек БЕЙСЕМБЕК,
студент

ЕҢБЕКПЕН ЖЕҢІСКЕ
ҮЛЕС ҚОСҚАН
ҚАҺАРМАН

Тарихта есімі алтын әріппен жазылатын жандар бар. Олар дауыстап мақтанбайды, ерліктерін ұрандамайды. Өмір бойы туған еліне адал еңбек етіп, ұрпағына өшпес із қалдырады. Солардың бірі — Берлінбаева Мәрия Мүбәраққызы.

Талдықорған қаласында қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген. Өкінішке қарай, балалық шағы сұрапыл соғыстың ауыр кезеңіне тұспа-тұс келді. Буыны қатпай жатып тылдағы ауыр еңбекке араласып, елдің болашағы үшін маңдай терін төкті. Кейуананың айтуынша асыр салып ойнап, шат-шадыман бол алаңсыз жүретін кезінде сұрапыл соғыс басталып, ерте өсейіп, қара жұмыс істеген. Қаршадай қыз тылдағы ауыр еңбекке араласып, майданға көмектесуге атсалысады. Егіс алқабында таңның атысы мен күннің батысына дейін аянабай тер төкті. Ешқандай шағымсыз, үмітпен, жеңіске деген риясыз сеніммен жұмыс істеді. Біздің кейіпкеріміз – өз заманының үнсіз қаһармандарының бірі. Ол жүрегімен еңбек етті, жастық шағын өлге арнады. Оның тағдыры – мыңдаған тыл еңбеккерлерінің тағдырымен үндес. Өйткені олар жан алысып, жан беріскен соғыс майданында қолына қару ұстап соғыспаса да, өз еңбегімен жеңіске жол ашып, күн-түн демей тоқтаусыз жұмыс істеді. Ғұмырын еңбекке арнаған Мәрия Мүбәраққызы 1955-1959 жылдары облыстық аумақтағы партия комитетінің мұрағатында, ақпарат бөлімінде және комсомол комитетінде жауапты қызметтер атқарды. 1958 жылдың желтоқсанында ол КПСС (Кеңес Одағының Коммунистік партиясының) мүшесі болып қабылданады. Сол

жылы өмірлік серігі Берлінбаев Қанапия Ахметшеулымен тағдырын тоғыстырып, бір шаңырақ астында ғұмыр кешті. 1959 жылдан бастап жас отбасы Қаратал өңіріне арнайы жолдамамен аттанып, еңбек жолын жалғастырды. Бұдан әрі Мәрия Мүбәраққызы 1960-1965 жылдары балалар бақшасында тәрбиеші, кейін аудандық пионерлер үйінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. Білімге деген құштарлығын өндірістен қол үзбей дәлелдеп, 1964 жылы Талдықорған малдәрігерлік-зоотехникалық техникумын, ал 1974 жылы Абай атындағы педагогикалық институтты тәмамдайды. Ал 1965-1970 жылдары аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы болды. 1970 жылдан 1991 жылға дейін Қаратал аудандық партия комитетінің мүшелерін есепке алу бөлімін басқарды. Бұл жылдар оның қайраткерлік қабілетін толық ашты. Ерен еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Мәрия Мүбәраққызы «Құрмет белгісі» орденімен және «Озат еңбегі үшін», сонымен қатар, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 60, 65, 70 жылдық мерейтойлық медальдарымен марапатталды. Бұған қоса 2007 жылы Қаратал ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

Бүгінде тыл ардагері Мәрия анамыз үш ұлдың, бір қыздың анасы ғана емес, бес немере мен бес шөберенің ардақты әжесі атанып отыр.

Өмірінің әр белесін адал еңбекпен өрнектеген жан ұрпаққа тек табандылық пен отансүйгіштіктің жарқын үлгісін көрсетіп отыр. Оның тағдыры – еліміздің тарихындағы ұлы еңбектің көрінісі.

Алмас ЖАНБОЛАТҰЛЫ,
студент

Цифрлы дәуірде өскен жас буын – жаңа технология мен шығармашылықты қатар дамытып, қоғам өміріне белсене араласып келеді. Солардың бірі – «Tik-Tok» желісінде танымал, еріктілер қозғалысының белсендісі, би өнерін серік еткен Ақжол Ақынбек. Жас жігітпен қазіргі буынның болмысы мен жастарға артылар жауапкершілік туралы сұхбаттасқан өдік.

– Ақжол, алдымен өзіңді аз-кем таныстырып өтсең.

– Мен 2005 жылы дүниеге келдім. Жетісу университетінің «Музыкалық білім» мамандығы бойынша 3 курс білімгерімін.

«TikTok» платформасында мотивациялық және пайдалы контент жасаймын. Одан бөлек, би өнерімен айналысамын және еріктілер қатарындамын. – «TikTok» арқылы қандай мақсатты көздейсің?

– Бұл – жастарға ой салатын, шабыт беретін үлкен алаң. Мен тек би билеп,

Елімізде инклюзивті білім беру қолға алынғалы бері бұл саладағы мамандарға сұраныс артты. Осы орайда журнал редакциясы Ғылым және жоғары білім министрлігіне сауал жолдап, еліміздегі ЖОО-ның қайсысында педагог-логопед және педагог-дефектолог, педагог-психолог, сурдопедагог, тифлопедагог мамандар даярланатынын сұраған еді.

– Қазақстанда қанша жоғары оқу

маман даярлайды:

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік, І.Жансүгіров атындағы Жетісу, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық, Ө.Қуатбеков атындағы халықтар достығы, М.Қозыбаев атындағы

толог мамандар тапшы. Еңбек нарығындағы осы тапшылықты реттеу жолында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған ел экономикасының салалары үшін кадр қажеттілігін орта мерзімді болжау негізінде қалыптастырылады. Қазақстан Республикасы Еңбек

ұйымдардың мамандары мен педагогтары) оқытылды. Тыңдаушылар алғаш рет оқытудың әмбебап дизайн әдістемесімен және инклюзияның жеке жоспарымен танысты. Қазақстандық және халықаралық тәжірибеде сараланған оқытудың айырмашылығын көрді. Тыңдаушылардың тиісті материалды игеруіне мониторинг жүргізу мақсатында педагогтер мен профессорлық-оқытушылар құрамына кіру, аралық және қорытынды тестілеу

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МАМАНДАРЫ ҚАЙ ОҚУ ОРНЫНДА ДАЯРЛанады?



орны педагог-логопед және педагог-дефектолог, педагог-психолог, сурдопедагог, тифлопедагог маман дайындайды?

– Бүгінгі таңда «Педагогика және психология» мамандарын төмендегі жоғары оқу орындары дайындайды:

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық, І.Жансүгіров атындағы Жетісу, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан, Семей қаласының Шәкәрім атындағы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг, Ө.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік, «SDU University», Алматы гуманитарлы-экономикалық, Бейішев, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау, Alikhan Bokaikhan, Орталық Азия Инновациялық, Шымкент, Ө.Қуатбеков атындағы халықтар достығы, «Мирас», Ж.Төшенов атындағы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық, Астана халықаралық, З.Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық, Қызылорда «Болашақ» университеттері және «Bolashaq» академиясы, Ы.Алтынсарин атындағы Аркалық педагогикалық, Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институттары.

Ал «Арнайы педагогика» бағыты бойынша мына жоғары оқу орындары

Солтүстік Қазақстан А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан, Ө.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды, Қызылорда «Болашақ» университеттері.

Сонымен қатар, «Логопедия» және «Арнайы педагогика: Логопедия» білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – БББ) 8 ЖОО-да (М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік, Қыздар ұлттық қыздар педагогикалық, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық, Ө.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық, Қызылорда «Болашақ», Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеттері) оқытылады.

«Дефектолог – мұғалім, арнайы педагог және «Дефектология» БББ 4 ЖОО-да (М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Мирас» университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті) оқытылады.

«Сурдопедагогика» БББ 3 ЖОО-да (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Ө.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті) бар.

«Арнайы педагогика: Тифлопедагогика» БББ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жүзеге асырылады.

– Қазір педагог-логопед және педагог-дефек-

және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпаратына сәйкес 2024-2026 жылдардағы орта мерзімді қажеттілікке сәйкес педагог-логопед және педагог-дефектологтан 257 маман қажет.

«Арнайы педагогика» бағыты бойынша білім алушылар саны 4 534 адам, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша – 2 125 адам оқып жүр. 2024 жылы бітірушілер саны 1 569 адамды құрады, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша – 385 адам. Министрлік аталған мамандар бойынша қажеттілікті толықтай жабады.

– ЖОО нан бөлек бұл мамандарды даярлайтын курстар бар ма, оларды тіркеу, жұмыс жүйесін тексеру қалай жүзеге асады?

– Министрлік 2024 жылы алғаш рет Дүниежүзілік Банктің «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы шеңберінде шетелдік сарапшыларды (Болгария мен Греция) тарта отырып, үздік халықаралық тәжірибелерге негізделген инклюзивті білім берудің заманауи Моделін әзірледі. Бұл модель – білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауда, оның ішінде Қазақстанның барлық білім беру деңгейлерінде – мектепке дейінгі білім беруден бастап, жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейінгі білім алушыларды психологиялық педагогикалық қолдауда жаңа тәсілдер мен инклюзивті әдістемелерді ұсынатын әдіснамалық құжат. Сонымен қатар, бұл Модель жалпы білім беретін мектептегі барлық білім алушылар, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін мұғалімдер, мамандар және ата-аналар арасындағы ынтымақтастық үшін жүйелі тәсілді ұсынады. Осы Модельдің негізінде шетелдік сарапшылар және әріптестер 500 педагог (250 ЖОО-ның профессорлық-оқытушылар құрамы мен 250 мектептер мен арнайы

өткізілді. Тестілеу нәтижелері бойынша тыңдаушылардың 80% – дан астамы инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби деңгейін арттырғаны анықталды. Осы модельдің негізінде жоғары оқу орындарының базасында курстар өткізілетін болады. Сонымен қатар, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ересектерге (он сегіз жасқа толған адамдарға) білім беру қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білім мен дағдылардың қосымша көлемін алу үшін олардың өмір бойы білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Ересектердің білім мен дағдылардың қосымша курсын оқуы қосымша және формальды емес білім беру арқылы жүзеге асырылады. Ересектерге қосымша білім беруді білім беру ұйымдары, сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалар жүзеге асырады. Ересектерге формальды емес білім беруді оқудың орны, мерзімдері және нысаны есепке алынбай көрсетілетін білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жүзеге асырады және ол оқыту нәтижелерін растайтын құжат беру тәсілімен жүргізіледі.

– Қыздар университеті тәрбиеші біліктілігіне қоса логопед біліктілігін меңгертеді екен. Бұл тәжірибе тағы қай оқу орнында бар?

– Бүгінгі таңда, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі және логопеді» БББ, Ө.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде «Мектепке дейінгі білім беру және логопедия» БББ, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде «Тәрбиеші. Мектепке дейінгі білім берудегі логопед» БББ жүзеге асырылады.

Сұрақ жолдап, келген жауапты
басылымға дайындаған
Назым ДҮТБАЕВА



Спортшы студенттер – мақтанышымыз!

Түркістанның төрінде өткен ҚР жоғары оқу орындары арасындағы XIII жазғы универсиада мәресіне жетті. Еліміздің 76 жоғары оқу орны қатысқан Универсиада қорытындысында Жетісу университеті 8 орыннан көрінді. Атап айтқанда университет спортшылары 8 алтын, 4 күміс, 6 қола, барлығы 18 медаль қанжығаларына байлап қайтты.

Дәстүрлі доданың негізгі мақсаты еліміздегі жоғары білім ордаларының студенттері арасында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, әр өмір жастарының достығы мен ынтымақтастығын нығайту. Биылғы универсиада 17 олимпиадалық және ұлттық спорт түрі бойынша осы жылдың 8 мамыр мен 14 маусым аралығында өтті. Жарысқа еліміздің барлық өңірлерінен 76 жоғары оқу орынан төрт мыңнан астам спортшы студенттер қатысты. Байрақты бәсекеде 800-ден астам медаль мен 104 кубок сарапқа салынды. Додаға Жетісу университетінен 100-ден астам студент спорттың 10 түрі бойынша қатысты. Атап айтқанда жеңіл атлетика, тоғызқұмалақ, дзюдо, бокс, волейболдан ұлдар мен қыздар командасы ал, футбол, грек-рим күресі, тэквандо, еркін күрес, баскетболдан ұлдар командасы өнер көрсетті. Білім ордасының қыздар командасы жеңіл атлетика бойынша жүлделі II орын, волейболдан командалық есепте I орын алды. Ал жеңелей есепте жеңіл атлетикадан Айбол Омар, Саня Күдәйбергәз (жетекшілері Б.Бітігізов), еркін күрестен Мағжан Жаңырбай, (жетекшісі Қ.Шоңырақов), бокстан Құралай Егінбайқызы (жетекшісі А.Тохтаров) I орынды иеленді.

Жетісу университетінде спорт инфрақұрылымына жетік кеңіп бөлінеді. Жыл сайын стадион, бассейн, бокс, гимнастика, дзю-до тағы басқа да жаттығу залдарына заманауи құрылғылар алынып, студенттердің спортпен айналысуына барлық жағдай жасалады. Соның нәтижесінде спортшы студенттеріміз халықаралық, республикалық, облыстық додаларда жеңіс туғырынан көрініп жүр. Байрақты бәсекелерде топ жарып жүрген студенттер тек Жетісу университетінің ғана емес облыс абыройын асқақтатып келеді. Салауатты өмір салтын ұстанып, бұқаралық спорттың дамуына үлес қосып жүрген спортшыларымызды мақтан тұтамыз.

21-29 мамыр аралығында Астана қаласында ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан Республикасының Қоғалдағы хоккей кубогі өтті. Жарыста Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Дене шынықтыру және өнер факультетінің студенті Дилназ Олжабаева II орын иеленді. Дилназды жеңісімен құттықтаймыз!



3-6 маусым аралығында Астана қаласында Бочча спортынан Қазақстан Республикасының VII Спартакиадасы өтті. Онда Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Дене шынықтыру және өнер факультетінің студенті Қуаныш Асқарбеков I-орын алды. Қуанышты жеңісімен құттықтаймыз!



АРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ XIII ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДА



ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алиматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
 Талдықорған қаласы,
 Жансүгіров көшесі, 187 а.
 Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
 Тапсырыс №267
 Таралым 2000 дана

Бас редактор: Б. Шаянбаева
 Редактор: А.Иебекова
 Дизайнер: Б.Таубалды